

КӨРКЕМӨНЕРДІҢ ШЕБЕРІ БОЛАЙЫҚ



Артист болу, әсіресе, опера артисі болу ізденуді, оқуды, үнемі дауысын жақсарта беру үшін үнемі жаттығуды керек қылады. Операда артист ойнаған рөлінің образын әнмен де, қимыл-құбылысымен де шын бейнелеп беруді көздеуі керек. Көркемөнердің шебері болу үшін тек талантты болумен іс бітпейді. Көркемөнер қызметкерлері өз бойындағы қасиетін, шеберлігін, талантын іс жүзінде меңгере білуі керек. Бұл міндетті ол күнделікті ізденіп, оқып, үйреніп, көркемөнердің шеберлерінен үлгі алып отырғанда ғана орындайды.

Менің операдағы ойнауымның тырнақалдысы «Айман-Шолпан» постановкасында Айман рөлін атқару болды. Ақылды, сабырлы, салмақты Айманның бейнесін жасау маған оңай тиген жоқ. Ол кезде даусымыздың

жөнді шықпауы, музыкаға сәйкес келмеуі кездесе беретін. Жүріс-қимылымызда да көп кемшілік болатын. Айманның образын шығару үшін осы кемшіліктерді жою керек болды.

Қазақ театрында ән-би жағы басымырақ көрсетілген алғашқы музыкалық пьеса «Қыз Жібек» болды. Қыз Жібектің рөлін ойнау да оңай соққан жоқ. Менің өзімнің болсын, басқа артистердің болсын дауыстарын, басқа реттеу, оны опералық дәрежеге жеткізу жөнінде алғашқы негіз салынған постановка осы «Қыз Жібек» болды. Мәселенің бұл жағы «Ер Тарғын», «Терең көл», «Алтын астық» операларда тағы басқалары да бірте-бірте дами берді.



«Алтын астық» операсындағы Далабай ролінде - Манарбек Ержанов, Айша ролінде - Күләш Бәйсейітова.



«Даиси», «Чио-Чио-сан» сияқты қиын операларды қою – Қазақтың мемлекеттік академиялық опера және балет театрының өсу жолындағы көрнекті табысының бірі. «Чио-Чио-сан» операсында – Чио-Чио-санның, «Даиси» операсында Мароның рөлін атқару даусымды бұрынғыдан реттей түсуіме, творчестволық өсуіме себепші болды.

Әрине, Айман мен Чио-Чио-санның рөлдерінің арасында үлкен айырмашылық бар. Өсу – үлкен опера өнеріне жетілу жолындағы өткен жолының бір бейнесі сияқты.

Қазақтың тұңғыш музыкалық театрының (қазіргі мемлекеттік академиялық опера және балет театрының) ашылғанына он жыл толды. Большевиктер партиясының ұлт саясаты жеңуі арқасында буыны бекіп, бұғанасы қатқан Қазақтың мемлекеттік балет және опера театры он жыл өмірінің ішінде республикамыздың көркемөнерін: музыка

және театр мәдениетін өркендетуге көп еңбек сіңірді. Өркендеу жолында келе жатқан Қазақтың опера театры өзіне жүктелген міндеттердің бәрін абыроймен орындайды.

Күләш Байсейітова / құраст. А. Омарова. – Алматы : Өнер, 2012. – 28-29 б. – (Меретойлық әдебиет).